

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.05.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/121144/

Мурзабаева Жұлдыз

Білім беру саласы: «Шығармашылық»**Оқу қызметі:** «Сурет»**Тақырыбы:** «Қыс қызығы»**Мақсаты:** Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге, қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой — өрісін дамыту.**Көрнекілігі:** Интербелсенді тақта, ақ,көк қағаз,түссіз салафан,гуаш таяқшасымен,пва келей,арнайы жылтыр ұнтақ,картоп әр түрлі пішінді.**Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты

Жарқырайды күніміз

Жарқырайды даламыз

Қайырлы таң достарым

Қайырлы таң қонақтар

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешуін таба аласыңдар ма?*Әрине.***Тәрбиеші:**

Аяз қысып,

Өрнек сызып,

Терезені торлайды

Қар омбығып,

Бет домбығып, балдырғандар ойнайды.

Бүлдіршіндерім, айтыңдаршы, бұл қай кезде болады?*Қыс мезгілінде.*Қыс мезгіліндегі өзгерістерді атау: *Қар жауады, суық балады, боран соғады, аяз болады.*

Тосын сәт: *Топқа аққала қонаққа келеді:- Балалардан жалғызсырап қалдым досым жоқ деп көмек сұрайды)*

Балалар аққалаға дос табуға көмектеседі

Тәрбиеші: Олай болса сенде балалармен бірге сурет салуға көмектес.

Балалар бейнелі суреттерді таңдау арқылы екі топқа бөлінеді.

1 — топ: «Аққала» тобы.

Шарты: *Көк қағаз бетіндегі талға салафанды ақ гуашка матыру арқылы қар бейнелеу,картоппен аққала бастыру әдісі арқылы салу*

2 — топ: «Шырша» тобы.

Шарты: *Ақ қағаз бет пва арқылы шырша бейнесін салып,үстіне жасыл түсті ұнтақ себу.*

Сергіту сәті

Саусақтарым тұрындар,

Сапты бірге құрындар,

Желмен бірге майысып,

Оңға, солға бұрындар.

Интербелсенді тақтамен жұмыс (Ойын)

Шарты

1.Әр түрлі пішіндердің ішінен керекті пішінді түсіне қарай тауып аққала құрастырады;

2.Шыршаны безендіру.

Аққала: Балалар, сендерге көп рахмет. Өте қызықты болды бүгінгі іс – әрекеттерің.

Тәрбиеші:

Жүректен жүрекке,

Қол ұстасып тұрайық,

Достық әнге салайық,

Сау — саламат болайық.

Қорытынды: Екі топ оқу қызметі барысында жасаған жұмыстарын бір-біріне әңгімелеу арқылы қорытындылау.